

ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасы

2025-2026оқу жылына арналған ата -аналар жиналысының
№1 хаттамасы

12 қыркүйек 2025жыл
Кентау қаласы

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Өткізу түрі: Жалпы ата-аналар жиналысы, баяндама, кеңес беру, пікір алмасу.

Мақсаты: Ата-аналарды 2025–2026 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, отбасымен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағыт беру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Күнтізбесі

1. Ата-аналарды 2025–2026 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. «Балалар тәрбиесінде ата-ана рөлі» тақырыбындағы баяндама.
3. Ата-аналарға тест: «Сіз қандай ата-анасыз?»
4. Рефлексия: «Таңғажайып ертегі» – балалық шағымызға ораламыз.
5. «Бақытты отбасының бәйтерегі». Ата-аналарға кеңестер беру.
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: сөз сөйлеген Б.Мусабаева ата-аналарды 2025–2026оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Жоспарда тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар, ата-аналармен жұмыс түрлері және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қамтылғанын айтты.

2-мәселе бойынша: сөз сөйлеген С.Азимова «Балалар тәрбиесінде ата-ана рөлі» тақырыбында баяндама жасап, бала тәрбиесіндегі отбасының маңызы, ата-ананың жеке үлгісі, балаға қолдау көрсетумен дұрыс қарым-қатынас орнатудың қажеттілігі туралы айтты.

3-мәселе бойынша: А.Ақжигитова ата-аналарға «Сіз қандай ата-анасыз?» атты тест жүргізді. Тест нәтижелері талданып, әр ата-анаға өз тәрбиелік ұстанымдарын бағалауға мүмкіндік берілді.

4-мәселе бойынша: А.Ақжигитова «Таңғажайып ертегі» атты музыкалық-рефлексия сәтін жүргізді. Ата-аналарды өздерінің балалық шақ естеліктерін есаяхат жасауға шақырды. Іс-шара ата-аналардың көңіл-күйін көтеріп, бала әлемін түсінуге ықпал етті.

5-мәселе бойынша: Ж.Қалдыбек «Бақытты отбасының бәйтерегі» тақырыбында отбасы құндылықтары, сыйластық, бірлікпен жауапкершілік туралы айтып өтті. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, отбасы бақытының негізі-сүйіспеншілікпен өзара түсіністік екенін атап өтті. Ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасаудағы тиімді әдістер, балаға сенім білдіру, мадақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру жөнінде кеңестер берді.

Шешімі:


2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Балаларды тәрбиелеуде отбасымен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Ата-аналар бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттырып, ұсынылған кеңестерді басшылыққа алсын.

Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу ұсынылсын.

Отбасылық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

Төрайымы:  Б.Н.Мусабаева

Қатысқан:  Ж.Қалдыбек

